Павлодар облысы Екібастұз қаласының бас жоспары туралы (негізгі ережелерді қоса алғанда)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 10 қазандағы № 838 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 5) тармақшасына сәйкес және Павлодар облысының Екібастұз қаласын кешенді дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған, Павлодар облыстық мәслихаты және Екібастұз қалалық мәслихаты мақұлдаған Павлодар облысы Екібастұз қаласының бас жоспарының жобасы (негізгі ережелерді қоса алғанда) бекітілсін.

2. "Павлодар облысы Екібастұз қаласының бас жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 25 маусымдағы № 979 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 10 қазандағы
№ 838 қаулысымен
бекітілген

Павлодар облысы Екібастұз қаласының бас жоспары (негізгі ережелерді қоса алғанда)

1-тарау. Жалпы ережелер

Павлодар облысы Екібастұз қаласының бас жоспары (бұдан әрі – Бас жоспар) Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бекітілген бас схемасына сәйкес әзірленетін негіз қалаушы қала құрылысы құжаты болып табылады.

Бас жоспар Қазақстан Республикасы Жер, Экология кодекстерінің, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының, қала құрылысын жобалау саласына жататын Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілері мен нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес әзірленді.

Бас жоспардың схемасы (негізгі сызба) осы Бас жоспарға қосымшаға сәйкес аумақты перспективалы дамыту шекарасында орындалған.

Бас жоспарда келесі жобалық кезеңдер қабылданды:

бастапқы жыл – 2021 жыл;
бірінші кезек – 2028 жыл;
есептік мерзім – 2035 жыл.

2-тарау. Бас жоспардың мақсаты

Бас жоспар қалалық аумақты қала құрылысы тұрғысынан кешенді дамыту стратегиясын, аумақты оңтайлы жоспарлау құрылымын және функционалды аймаққа бөлу бағытын, қоршаған ортаны қорғау қағидаттарын, қоғамдық қызмет көрсету жүйесін, көліктік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуды, жобаланатын аумақтағы инвестициялық процесті ұзақ мерзімді жоспарлауды, көліктік қызмет көрсетуді ұйымдастыруды, инженерлік жабдық жүйесін дамытуды, аумақты инженерлік тұрғыдан дайындауды және абаттандыруды, қоршаған ортаны және тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғауды айқындайды.

Бас жоспарды "Қолдау" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1:5000 масштабтағы авторлық топографиялық түсірілім негізінде әзірледі.

Бас жоспардың негізгі мақсаты – қаланы орнықты дамыту және қазіргі халық пен болашақ ұрпақ үшін әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, кеңістіктік, қала құрылысы міндеттерін кешенді шешуді және заманауи даму үрдісінің ерекшеліктерін ескере отырып, заманауи қаланы дамытуға негізделген қолайлы тіршілік ортасын қалыптастыру.

Бас жоспар мыналарды:

1) табиғи-климаттық, қалыптасқан және болжанатын демографиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып, әлеуметтік, рекреациялық, өндірістік, көліктік және инженерлік инфрақұрылыммен қоса елді мекен аумағын дамытудың негізгі бағыттарын;

2) функционалды аймақтарға бөлу және осы аймақтардың аумағын пайдаланудағы шектеуді;

3) елді мекеннің құрылыс салынған және құрылыс салынбаған аумағының арақатынасын;

4) жерді иеліктен шығаруда және сатып алуда басымдық берілетін аймақтарды, резервтік аумақтарды;

5) аумақтарды табиғи және техногендік құбылыстар мен үрдістердің қауіпті (зиянды) әсерінен қорғау, экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі шараларды;

6) Бас жоспардың көлік бөлімін әзірлеу жөніндегі негізгі бағыттарды, көше-жол желісінің бас схемасын және жол жүрісін ұйымдастырудың кешенді схемасын;

7) елді мекеннің орнықты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі өзге де шараларды айқындайды.

Бас жоспар:

1) қаланы әлеуметтік-экономикалық дамытудың бірінші кезектегі және перспективалы бағдарламаларын;

2) қала аумағын егжей-тегжейлі жоспарлау және онда құрылыс салу жобаларын;

3) қаланың инженерлік инфрақұрылымының салалық схемаларын;

4) қаланың кешенді көлік схемасын;

5) қысқа мерзімді кезеңдерге арналған кешенді құрылыс жоспарларын;

6) тұрғын үй, қоғамдық, коммуналдық-қойма және өндірістік аумақтарды дамыту және реконструкциялау бағдарламаларын;

7) қала аумағын кешенді абаттандыру және көгалдандыру бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

3-тарау. Қала туралы мәлімет

Екібастұз қаласы – облыстық бағыныстағы қала, Қазақстан Республикасы Павлодар облысының батысында, облыстың әкімшілік орталығы – Павлодар қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 132 км жерде орналасқан (бұдан әрі – қала). Солтүстік-батыстан қала Ақмола, оңтүстік-батыстан Қарағанды облыстарымен, солтүстіктен Павлодар облысының Ақтоғай, оңтүстіктен Баянауыл және солтүстік-шығыстан Ақсу аудандарымен шектеседі. Қала жол желілерімен жақсы қамтамасыз етілген: шығыстан батысқа қарай Екібастұз қаласына жақын орналасқан Ертіс – Қарағанды каналының бойымен "Павлодар – Астана" темір жолы өтеді, "Астана – Екібастұз – Павлодар" автомагистралі және "Ақсу – Екібастұз" және "Павлодар – Екібастұз" автомобиль жолдары салынған.

Екібастұз қаласы – Қазақстанның аса ірі индустриялық және энергетикалық орталығы.

Өнеркәсіп Екібастұз өңірінің барлық экономикасының негізі болып табылады.

Өнеркәсіп құрылымында ең көп үлес салмағы өндіруші сектор мен электрмен жабдықтауға тиесілі. Облыстың өнеркәсіп өнімінің көлемінде олардың үлесі 87 % құрайды.

Павлодар облысының аудандары, қалалары мен моноқалалары бойынша негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер жөніндегі Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек, Екібастұз қаласының бастапқы 2021 жылға халық саны 131,9 мың адамды құрады.

Жобалаудың басында қала аумағының ауданы 3248,7 га құрады. Қала шекарасын кеңейту есебінен аумақтың ауданы есептік мерзімге 9489,4 га құрайды.

4-тарау. Табиғи-климаттық және инженерлік-геологиялық жағдайлар

Екібастұз қаласының климаты құбылмалы, ауа райының жыл бойы күрт құбылуы соған байланысты. Осы ендікке күн радиациясының молынан таралуына қарамастан, мұндағы температура фоны жоғары емес. Циркуляциялық процестердің осы аумаққа ғана тән ерекшелігі бар.

Мұндағы температура режимі 1-В құрылыс-климаттық ауданға сәйкес келеді. Жаз мамырдың басынан қыркүйектің ортасына дейін орта есеппен 4 айға созылады. Ең ыстық ай шілде, оның орташа температурасы – (+) 21,6 °С. Кейбір жылдары абсолютті максималды температура (+) 41 °С жетуі мүмкін.

Қыс тым ұзақ – қарашадан мамырдың басына дейін шамамен 6 айға созылады, қыс бойы үнемі аяз болады, шуақты күндері көп, өткір жел жиі соғады. Қысқы ауа температурасын гигиеналық өлшемшарттар бойынша қатты аязды ауа райына жатқызуға болады, аяздың ызғары жел жылдамдығымен күшейеді. Ең төменгі температура желтоқсан, қаңтар, ақпан айларында болады, орташа айлық мәні (-) 38 °С құрайды. Абсолютті минимум (-) 45°С-қа жетеді.

Жергілікті гидрографиялық желінің өзіндік ерекшелігі – таяз көлдердің көптігінде әрі көктемде қар еріген кезеңде жиналатын уақытша су ағындарының болуында.

Ұсақ шоқыларда бірқатар ұсақ өзендер бастау алып, толассыз солтүстікке қарай (Шідерті, Өлеңті, Таңды, Ащысу, Қарасу) ағынсыз көлдерге құйылады. Тұрақты ағысы бар өзендер жоқ.

Бұл аумақта көлдер өте көп, олар қаладан түрлі қашықтықта орналасқан, сулары тұзды және ащы тұзды, таяз және су балансы тұрақсыз.

Ащыкөл көлі Екібастұз ойысының солтүстік беткейінде қаладан 4-6 км қашықтықта орналасқан, оның су айдынының ауданы – 2,2 км, тереңдігі 0,5-тен 2,0 м-ге дейін жетеді.

Осы көлдердегі судың химиялық құрамы гидрокарбонат, хлорид, сульфат сияқты әртүрлі болып келеді. Судың минералдану дәрежесі де әртүрлі – 18 г/л-ден 286 г/л-ге дейін. Барлық көлдердегі су шаруашылық-ауыз су мақсатында пайдалануға жарамсыз.

Қала мен оның өнеркәсіп орындарының шаруашылық-ауыз су және өнеркәсіптік мұқтаждығы үшін су Ертіс – Қарағанды каналынан жіберіледі, ол қала аумағынан солтүстікке қарай ағып жатыр.

Геоморфологиялық тұрғыдан алғанда бұл Ертіс жазықтығынан төмен шағын адырлы шоқылар шегінде орналасқан.

Ертіс жазығы тегіс, кейбір жерлері ойлы-қырлы немесе еңіс болып келеді, көбінесе шағын көлдерден құралған табақша тәрізді ағынсыз шұңқырлар көп. Павлодар өңіріндегі жазықтық солтүстік жақта Барабинскаямен, ал шығысында Құлынды даласымен ұласып жатыр.

Қаладағы аймақтың жалпы көлбеуі оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай ұласқан. Негізгі шұңқыр тәрізді ойықтар мен неғұрлым ірі төбешіктер сол бағытта созылып жатыр.

Инженерлік-геологиялық аудандастыру схемасына қарасақ, қаладағы жер шегінде құрылысқа қолайлы аумақ жоқ. Талдау жүргізілетін барлық жерді құрылыс салуға қолайлылық дәрежесіне қарай үш санатқа бөлуге болады: құрылыс салуға жатпайтын, шектеулі қолайлы және салыстырмалы түрде қолайсыз.

Инженерлік-геологиялық жағдайлар қаланың қазіргі құрылыс салынған аумағына жаңа тұрғын үй орналастыру үшін айтарлықтай шек қояды. Топырақтың шөгуі және тұзденуы, олардың ісіну қабілеті аумақты құрылысқа дайындау үшін қымбат тұратын арнайы жұмыстарды қажет етеді. Жерасты суларының жер бетіне жақын жатуы өнеркәсіптік және азаматтық ғимараттарды пайдалануда қолайсыз жағдайлар туғызады. Топырақ қабатының қайталама тұзденуы салдарынан жасыл желектер үшін зарарлы жағдай туындайды.

Жерасты суларының деңгейін төмендету және құрғату үшін жабық типтегі көлденең дренаж жүйесі салынып, жерасты сулары деңгейінің көтерілуіне әсер ететін жағдайлар жойылуы керек.

5-тарау. Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы

1-параграф. Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары

Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының басты мақсаты – адами әлеуетті арттыру, ол тұрғындардың жұмыспен қамтылу, деңгейінің әл-ауқатының жоғарылауымен, тұрмыс жағдайларының жақсаруымен анықталады.

Қаланы дамыту басымдықтарына өнеркәсіпті, жоғары технологиялы секторларды, инженерлік инфрақұрылымды дамыту, тұрғындар үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету және рекреациялық мүмкіндіктерді дамыту жатады. Қала энергетиканың, металлургияның, құрылыс индустриясының дамуына ықпал ететін көмір мен құрылыс материалдарының айтарлықтай ресурстарына бай. Ауыл шаруашылығын дамыту және шағын бизнесті қолдау да даму стратегиясына енгізілген.

Екібастұз қаласын көмір-энергетикалық моно-мамандандыру, тау-кен өндіру және металлургия саласын дамыту, вагон жасау өңірдегі индустрияландыру мен әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешудің локомотивіне айналады.

Қала өнеркәсібін ғылыми сектормен өзара іс-қимыл жасай отырып дамыту көзделеді, бұған мысал ретінде ғылыми-зерттеу әлеуеті жоғары Екібастұз инженерлік-техникалық институтын алуға болады. Институт өнеркәсіп орындарын кадрлармен қамтамасыз ете отырып, "ғылым – білім – өндіріс" инновациялық тізбегінің негізгі буыны бола алады.

Сондай-ақ тамақ өнеркәсібінде кластерлік тәсілді пайдалана отырып, пилоттық жобаларды дамыту жоспарлануда. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, дайындау нүктелері мен қайта өңдеу кәсіпорындары халықтың азық-түлік өнімдеріне деген сұранысын толық қанағаттандырып, қалаішілік тұтыну, өңіраралық алмасу және

экспорт үшін бәсекеге қабілетті өнімдердің ассортименті мен көлемін кеңейту үшін біріктірілетін болады.

Озық технологиялар мен ғылымды қажет ететін өндірістерді дамыту үшін технопарктер мен технополистерді пайдалану ұсынылады.

Бас жоспарда қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының перспективаға арналған басымдықтары айқындалған:

қазіргі уақытта Павлодар облысының өнеркәсіптік өндірісінің 16 %-дан астамын қамтамасыз етіп отырған қаланың өнеркәсіптік әлеуетін одан әрі дамыту;

қаланың ірі кәсіпорындары мен жоғары оқу орындарының кооперациясы негізінде экономиканың жоғары технологиялы секторларын дамыту;

қазіргі уақытта қаланың дамуына кедергі болып отырған инженерлік инфрақұрылымның маңызды мәселелерін шешу;

қаланың барлық тұрғындары үшін қолайлы жағдай жасау, "шетсіз қала" қағидатын қолдану;

рекреациялық су ресурстарының болуына сүйеніп, қаланың рекреациялық мүмкіндіктерін дамыту;

қаланың көлік жағдайының тиімділігіне негізделген көлік және қойма логистикасын дамыту;

әлеуметтік, көліктік және инженерлік инфрақұрылымды одан әрі жаңғырту және дамыту.

2-параграф. Демография және халықты жұмыспен қамту

Екібастұз қаласының халық саны Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылғы 1 қаңтарға (жобалау басында) 131,9 мың адамды құрады.

Демографиялық процестер динамикасының нақты көрсеткіштерін, халықтың табиғи және механикалық қозғалысын болжауды ретроспективті талдау негізінде, сондай-ақ Екібастұз қаласы шекараларының аумақтық және межеленген әлеуметтік-экономикалық өзгерістеріне байланысты қала халқының перспективалы саны жобалау кезеңдеріне қарай есептеледі. Бұл ретте Екібастұз қаласының басым функцияларын дамыту үшін өңір экономикасын дамытудың қалыптасқан үрдістері, ресурстық әлеуеті, қала түзуші және қызмет көрсететін салалардың қалыптасуы ескерілді. Халық саны:

бірінші кезекте (2028 жыл) 136,5 мың адамды;

есептік мерзімде (2035 жыл) 165,0 мың адамды құрайды.

2021 жылы жұмыс күші 76,6 мың адамды немесе бүкіл қала халқының 58 %-ын құрады. Жұмыспен қамтылған халық саны 72,8 мың адамды немесе барлық жұмыс

күшінің 95,0 %-ын құрайды. Қалада жұмыспен қамтылған тұрғындардың ішінде жалдамалы жұмыскерлердің үлесі жоғары – 93,8 %, болашақта осы үрдіс сақталатын болады.

Жұмыс күшінің деңгейі 2035 жылға қарай Екібастұз қаласы халқының жалпы санының 60,8 %-ына дейін ұлғаятын болады. Жұмыспен қамтылған тұрғындар 98,3 мың адамды немесе барлық жұмыс күшінің 98 %-ын құрайды.

Жалпы бірінші кезекте және есептік мерзімде өнеркәсіп секторында жұмыспен қамтылғандар санының өсуі өнеркәсіптік аймақтарды дамытумен, сондай-ақ Екібастұз қаласында жаңа кәсіпорындарды іске қосумен қамтамасыз етіледі.

3-параграф. Тұрғын үй-азаматтық құрылыс

Қаланың жобалық шекараларын өзгерту қаланың солтүстік бөлігінде азқабатты құрылыстарды орналастырумен және қаланың оңтүстік, оңтүстік-батыс бөліктерінде орта қабатты және биік құрылыстарды салумен халықты қоныстандырудың жаңа тұжырымдамасын іске асыруға ықпал етеді, осыған байланысты осы Бас жоспарда тұрғын үй қорының құрылымы қалыптастырылып, оны қала аумағы бойынша бөлуге қатысты белгілі бір түзетулер енгізіледі.

Жаңа тұрғын үй құрылысы қаланың солтүстігіне қарай Ащыкөл көлінің маңына шоғырландырылып, азқабатты үйлер салынып, жоспарланатын әрбір ауданда халыққа қызмет көрсету орталықтары құрылатын болады.

Қаланың оңтүстік бөлігінде негізінен орташа қабатты және көпқабатты пәтерлер, жақсартылған инженерлік инфрақұрылым және әлеуметтік қызмет көрсету нысандары бой көтереді.

Құрылыстың жалпы бейнесі климаттық, орографиялық ерекшеліктерді, жергілікті тұрмыс салты және туристік тартымдылық, сондай-ақ азаматтардың жайлы мекендеу ортасы ескеріліп, елдің солтүстік қалаларын сәулеттік дамытудың қазіргі заманғы тұжырымдамасымен байланысты болады.

Бірінші кезекте тұрғын үймен қамтамасыз ету бір адамға 25,0 шаршы метрді құрайды.

Есептік мерзімге бір адамға 30,0 шаршы метрді қамтамасыз ету қабылданды.

Есептік мерзімнің соңына қарай жалпы сүріп тастау көлемі 170,6 мың шаршы метрді құрайды.

Тұрғын үй қоры есептік мерзімнің соңына қарай: 4950,6 мың шаршы метрді құрайды.

Жаңа тұрғын үй құрылысы – 2101,2 мың шаршы метр.

Қаланың әлеуметтік саласын қалыптастырудағы негізгі басымдық оны қазіргі заманғы қала мәртебесіне сәйкес дамыту болып табылады.

Қызмет көрсету объектілерінің толық кешені, саябақ және спорт аймақтары бар жоспарлау аудандарының қоғамдық орталықтарын дамыту, сондай-ақ қолданыстағы

саябақтарды, скверлер мен сауда аймақтарын реконструкциялап, абаттандыру жоспарлануда.

4-параграф. Білім беру

Жобалық кезеңдер бойынша Екібастұз қаласындағы мектепке дейінгі және жалпы білім беру мекемелеріндегі орындар саны:

мектепке дейінгі балалар мекемелері үшін: бірінші кезек – 8 500 орын, есептік мерзім – 11 600 орын;

жалпы білім беретін мектептер үшін бірінші кезек – 26 327 орын, есептік мерзім – 27 420 орын.

5-параграф. Денсаулық сақтау

Тәулік бойы жұмыс істейтін стационарлардағы төсек-орын саны: бірінші кезек – 1 638, есептік мерзім – 1 980 .

Қалада амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін объектілердің саны: бірінші кезекте бір ауысымда 3 059 келушіні, есептік мерзімде бір ауысымда 4 909 келушіні құрайды.

6-параграф. Өндірістік даму

Жалпы Екібастұз қаласында макроэкономикалық тұрақтылық қамтамасыз етілген, қуатты өнеркәсіптік әлеует, сондай-ақ ішкі және сыртқы нарықтарда табысты бәсекелесетін және өз дамуы үшін капиталды белсенді тартатын шағын және орта бизнестің дамып келе жатқан кәсіпкерлік компаниялары айтарлықтай көп орналасқан.

Екібастұз қаласының өндірістік әлеуеті жоғары әрі энергиямен қамтамасыз етуде республика бойынша Павлодар-Екібастұз аумақтық-өндірістік кешені шеңберінде ең жақсы жағдайлар қалыптасқан. Қалада салааралық және салаішілік ірі өндірістік кешендер (отын-энергетика, энерго-металлургия, көліктік машина жасау) табысты дамуда, олар Екібастұз үшін индустриялық ірі орталықтың жетекші позицияларын қамтамасыз етеді.

Қалада әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету объектілері, әкімшілік, ғылыми, оқу, медициналық, ойын-сауық, спорттық және қаланың өзі де, қала әкімшілігі де халыққа қызмет көрсететін басқа да эпизодтық пайдалану объектілері орналасқан.

Екібастұз қаласының қазіргі көмір-энергетикалық моно-мамандануының ұзақ мерзімді перспективасы бар. Екібастұз қаласында тау-кен өндіру және металлургия саласының кәсіпорындарын дамыту мемлекеттік деңгейде жүргізіліп жатқан жеделдетілген индустрияландыру бағытын қолдап қана қоймай, өңірдегі экономикалық және әлеуметтік індеттерді шешудің локомотивіне айналады.

Қаланың экономикалық әлеуетін айқындайтын басым бағыттар: өндіруші өнеркәсіп ("Богатырь Көмір" ЖШС, "Майкубен-Вест" ЖШС кәсіпорындарының базасында, " Гамма" көмір өндіру кешені, "Эмирэйт" ЖШС, "Промсервис-Отан" ЖШС), электр энергетикасы ("Б. Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1" ЖШС және "Екібастұз ГРЭС -2 станциясы" АҚ одан әрі дамыту негізінде), "Екібастұзэнерго" ЖШС, "Ангренсор энерго" ЖШС, "KEGOC" АҚ Солтүстік жүйеаралық электр торабы, металлургия, машина жасау және металл өңдеу, құрылыс материалдарының өнеркәсібі, тамақ және жеңіл өнеркәсіп салалары. Бас жоспарда шағын және орта бизнес кәсіпорындарын орналастыруға бағдарланған орталық индустриялық аймақтың алаңын ұлғайту, солтүстік индустриялық аймақта серпінді ірі өнеркәсіп объектілерін салу көзделген:

ферроқорытпа өндіретін зауыттар салу;

металлургиялық көмір электродтарын өндіретін зауыт салу;

жартылай кокс шығаратын зауыт салу;

электромеханикалық зауыт салу;

жартылай жүк вагондарын шығаруды қайта бастау;

техникалық кремний өндіру зауытын салу;

жұп доңғалақ өндірісін кеңейту;

бұрандалар мен клемма шығаратын зауыт салу;

бандаждар мен темірден соғылған бұйымдар шығаратын кешен салу.

Қаланың электр энергетикасының маңызды жобалары:

"Екібастұз ГРЭС-2 станциясы" АҚ-да № 3 энергия блогын салу;

"Б. Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1" ЖШС-да № 1 энергия блогын қалпына келтіру.

6-тарау. Рекреациялық инфрақұрылым және аумақты көгалдандыру

Екібастұз қаласы өнеркәсіпке мамандanған қала болғандықтан, қазіргі рекреациялық ресурстар рекреация мен туризмнің дамуына шектеулі мүмкіндік береді.

Екібастұз қаласының маңызды табиғи рекреациялық ресурстарына қалаға қиғаш аумақтағы солтүстік шекарада орналасқан ағынсыз Ащыкөл көлінің акваториясы мен жағалау бөлігі жатады.

Ащыкөл көліне іргелес рекреациялық аумақ функционалды аймақтарға бөлуіне қарай жобалық шешімдерде былайша бөлінеді:

спорт аймағы;

этнографиялық саябақ;

жалпықалалық саябақ;

емдеу-сауықтыру аймағы;

демалушылар мен туристерді орналастыру аймағы;

балықшыларға арналған қысқа мерзімді демалыс аймағы.

Екібастұз қаласы үшін туризм мен рекреацияның басым бағыттары:

Ащыкөл көлінде балық аулау және су туризмі;

іскерлік (mice) туризм (іскерлік көрмелер, жәрмеңкелер, конференциялар);

экскурсиялық туризм (іскер туристер үшін қала бойынша шолу экскурсиялары немесе Павлодар облысы бойынша кешенді экскурсиялық турлар құрамында);

өнеркәсіптік туризм;

ат спорты туризмі (атпен серуендеу).

Ащыкөл көлінің жағалау аумағын жобалық игеруге байланысты тікелей жанама туристік-рекреациялық инфрақұрылымның бірқатар объектілерін салу ұсынылады, бұл жерде:

200 орындық демалыс үйлері;

қысқа мерзімді демалыс орындары, ат соқпақтары және балық аулауды ұйымдастыру;

қала бойынша экскурсиялық маршруттарды ұйымдастыру;

қонақүй-мейрамхана кешендерінің жалпы сыйымдылығы – бірінші кезекте 70 орын және есептік мерзімге тағы 240 орын;

тамақтандыру кәсіпорындары – бірінші кезекте 2725 орын және есептік мерзімге 1140 орын қамтылады.

Туристік-экскурсиялық салада жұмыс істеу үшін жергілікті кадрларды даярлау мақсатында экскурсовод-гид және туризм нұсқаушылары курстарын ұйымдастыру қажет.

Екібастұз қаласында жалпы пайдаланымдағы жасыл желектер қазіргі уақытта 51,3 га құрайды, бұл өте төмен көрсеткіш.

Есептік мерзімге қарай қала ішінде де, кесімді аумақта да көгалдандыру аумағын ұлғайту есебінен жасыл желек алаңы 228,5 га құрайды.

Қалада спорт саябағы, этнографиялық саябақ, жаңа қалалық саябақ, солтүстік жоспарлау ауданының саябағы, кварталаралық бақтар мен желекжолдар пайда болады.

Өнеркәсіптік аумақтарды көгалдандыру және қала айналасында жасыл белдеу құру қарастырылған.

Жалпы көгалдандыру көрсеткіші есептік мерзімге қарай бір адамға шаққанда 18 шаршы метрге жетеді.

7-тарау. Қала құрылысын дамыту

Жобалық ұсыныстар демографиялық дамудың болжамды параметрлерін, әлеуметтік-экономикалық дамудың басым міндеттерін, табиғи-климаттық жағдайларды және Екібастұз қаласының тарихи қалыптасқан кеңістіктік бейнесінің дәстүрлі ерекшеліктерін ескере отырып әзірленді.

Қаланың солтүстігі мен шығысы өнеркәсіптік аумақтармен, оңтүстігі мен батысы темір жолдармен қоршалғандықтан қоныстану орындары мен аумақтық мүмкіндіктері

шектеулі, осы орайда Бас жоспарда негізгі жоспарлау шеңберінен тыс жаңа аумақтарды игеру көзделеді.

Қала құрылысын дамытудың қабылданған тұжырымдамасына сәйкес Екібастұз қаласын аумақтық дамытудың негізгі стратегиялық жоспары ұсынылды, оған мыналар кіреді:

ішкі аумақтық жоспарлы резервтердің сарқылуына байланысты Ащыкөл көлінің бойымен солтүстік жоспарлы ауданды игеру арқылы қала аумағын кеңейту;

есептік мерзімде қазіргі қала шегінде тозығы жеткен азқабатты тұрғын үйлерді бұзу есебінен қаланы дамыту.

Қаланы дамытудың қабылданған нұсқасының негізгі ережелері:

Екібастұз қаласы тұрғындарының бірінші кезектегі және ұзақмерзімді мүдделерін қамтамасыз ету;

жаңа өндірістер мен ғылымды қажет ететін технологияларды әзірлеу және ендіру негізінде өнеркәсіптік аумақтарды оңтайландыру және жаңғырту;

тарихи қалыптасқан мономәдениет қаласынан (энергетиктер қаласы) бизнес, білім, мәдениет және өнер, спорт және денсаулық салаларын қамтыған полимәдениет қаласы ретінде Екібастұз қаласының жаңа келбетін жасау;

инвестициялық және кәсіпкерлік қызметтің белсенділігін арттыру үшін жағдай жасау;

экологиялық қауіпсіздік талаптарына және санитариялық-гигиеналық нормаларға сай келетін санитариялық-техникалық аймақтар мен қорғаныштық көгалды белдеулер орнату арқылы өнеркәсіптің, көліктің және қоршаған ортаны ластаудың стационарлық көздерінің келеңсіз әсерін азайту;

қаланың жоспарлау құрылымын дамытуда тарихи сабақтастықты қамтамасыз ете отырып тұрғын аумақтар мен қоғамдық аумақтардың микроклиматтық сипаттамаларын жақсарту;

аумақтарды кешенді абаттандыру, рекреация үшін пайдаланылатын табиғи және көгалдандырылған аумақтар учаскелерінің антропогендік төзімділігін арттыру.

Елді мекеннің құрылыс салынған және құрылыс салынбаған аумақтарының арақатынасы:

қаланың жобаланған шекараларында құрылыс салынған аумақтар 34,2 %-ды, құрылыс салынбаған аумақтар 65,8 %-ды құрайды. Есептік мерзімге құрылыс салынған аумақтардың үлесі ұлғайып 69,0 %-ды, ал құрылыс салынбаған аумақтар тиісінше 31,0 %-ды құрайды.

Функционалды аймақтарға бөлу:

1. Мекенжай маңындағы учаскелері, халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету, медициналық қызмет көрсету мекемелері бар көппәтерлі тұрғын үйлер мен жеке тұрғын үйлер салынған тұрғын аймақ. Тұрғын алаңдарға қала шекарасында орналасқан бау-бақша және саяжай серіктестіктерінің аумақтары да жатады.

2. Қоғамдық-іскерлік құрылыс аймағы қаланың орталық өзегін қамтитын жалпықалалық орталықты, жоспарлау аудандарының орталықтарын, қалалық маңызы бар мамандандырылған орталықтарды, көпфункционалды қоғамдық-көлік орталықтарын қамтитын қоғамдық орталықтар жүйесін қалыптастырады.

3. Өнеркәсіптік аудандармен ұсынылған өндірістік (өнеркәсіптік) аймақ инженерлік және көліктік инфрақұрылымдардың жұмысын қамтамасыз ететін өнеркәсіп орындары мен олардың кешендерін, басқа да өндірістік, коммуналдық және қойма объектілерін орналастыруға арналады.

4. Арнайы мақсаттағы аймақ (санитариялық-техникалық құрылғылар) зираттарды, тұрмыстық қалдықтарды жинау полигондарын, қоқысты (қалдықтарды) бастапқы өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды және жұмысы қала аумағындағы басқа аймақтардың жұмысына сәйкес келмейтін өзге де объектілерді қамтиды. Арнайы мақсаттағы аймақтар қаланың өнеркәсіптік аудандарына таяу орналасады.

5. Өнеркәсіптік-өндірістік объектілерді тұрғын үй және қоғамдық-іскерлік құрылыстардан бөлетін санитариялық-қорғау аумақтары өте маңызды және өндірістік аймақтың шекараларына қосылмайды.

6. Ландшафттық-рекреациялық аймақ халықтың демалу орындарын ұйымдастыруға және орналастыруға арналған және оған: бақтар, орман саябақтары, саябақтар мен алаңдар, су айдындары, жағажайлар, ландшафттық сәулет объектілері, бұқаралық демалыс аймақтары және қорғалатын ландшафттар, сондай-ақ бос уақыт өткізуге арналған және сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылыстар кіреді.

7. Инженерлік және көліктік инфрақұрылым аймақтары - көлік және байланыс коммуникациялары мен құрылыстарын, магистральдық құбырларды, инженерлік қамтамасыз ету желілерін, инженерлік жабдықтарды, сыртқы көлікті орналастыруға және олардың жұмыс істеуіне арналған.

8. Ауыл шаруашылығын жүргізуге арналған қала шегіндегі ауыл шаруашылығын пайдалану аймағы арнайы мақсаттағы аймақтағы жекелеген аумақтармен ұсынылған.

9. Резервтік аймақ қоныстану аумақтарын дамыту үшін, сондай-ақ жаңа буын технологиялары бар өндірістік аумақтар үшін көзделеді.

Функционалдық-жоспарлау құрылымының перспективалы моделін құру негізінде қаланың тарихи қалыптасқан аймақтарға бөлінуін, инженерлік-құрылыс және экологиялық жағдайларды есепке алуға негізделген аумақты кешенді бағалау, сондай-ақ қала құрылысы жүйелерінің қазіргі даму үрдістерін есепке алу (қала құрылымын және қоныстануды дамытудың бағытталған сипаты, қоғамдық орталықтарды дамыту, көгалдандырылған кеңістіктер жүйесін қалыптастыру) жатыр.

Екібастұз қаласының функционалды аймақтарға бөлінуін өзгерту бойынша қабылданған шешім қоныстану аумақтарын дамыту үшін қаланың сәулет-жоспарлау құрылымының тұтастығын және оны қоршаған ортаның үйлесімді сипатын сақтай отырып, қала дамуының жаңа серпінді моделіне көшуге мүмкіндік береді.

Бұл Бас жоспар 1978 жылғы Бас жоспарға сәйкес тарихи қалыптасқан функционалды аймақтарға бөлудің сызықтық жүйесін көздейді.

Екібастұз қаласының негізгі құрылыс алаңының шекарасындағы қоныстану аумақтары тарихи қалыптасқан жерде орналасқан, қала орталығында көпқабатты құрылыс және қоныстану аумақтарының шеткі шекараларына мекенжайлы құрылыс салынған.

Қоғамдық-іскерлік құрылыс салу аймағы жоспарлау аудандарының орталықтарымен байланысқан желілік қалалық орталықтар жүйесін құрайды.

Өнеркәсіптік және коммуналдық-қойма кәсіпорындарының аймақтары қаланың негізгі нүктесінің солтүстік, шығыс және оңтүстік шеттерін алып жатыр.

Арнайы мақсаттағы аймаққа Екібастұз қаласының оңтүстік бөлігінде орналасқан зират және Тұз көлінен оңтүстікке қарай 3 км жерде орналасқан қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны кіреді.

Арнайы мақсаттағы аймаққа солтүстік-шығысқа қарай 3,5 км, оңтүстік-шығысқа қарай 2 км және қаланың негізгі нүктесінен шығыс бағытта 12 км орналасқан үйінділер де жатады.

Бас жоспар бойынша санитариялық-қорғау аумақтары өнеркәсіптік және коммуналдық-қойма аймақтарын қоныстанушылардан бөліп жатыр, солтүстік жағынан санитариялық-қорғау жолағының ені шамамен 50-100 м құрайды, қоныстану аймағынан шығыс өнеркәсіптік аймағын радиусы 50 м болатын санитариялық-қорғау жолағы бөліп жатыр (Қонаев даңғылы бойындағы қызыл сызықтардың ені бойынша). Оңтүстік өнеркәсіптік аумақ тұрғын үй құрылысынан радиусы 50 м болатын санитариялық қорғау жолағымен бөлінеді. Сонымен қатар қазіргі уақытта Батыс теміржол желісінің бойында жел-шудан қорғайтын санитариялық жолақ қалыптаса бастады және Бас жоспарға сәйкес ол оңтүстік-сібір теміржолымен қиылысқа дейін жалғасады.

Ландшафттық-рекреациялық аймақ халықтың бұқаралық демалысын ұйымдастыру үшін қалыптасады, негізінен Ащыкөл көлінің ауданында орналасқан және саябақ аймағын, жағажайларды, спорт алаңдарын қамтиды. Сонымен қатар қала орталығында тұрғындардың демалуын ұйымдастыруға арналған түрлі құрылымдар мен нысандары бар орталық саябақ пен бақтар орналасқан.

Инженерлік және көліктік инфрақұрылым аймағына ең алдымен теміржол желілері мен жол шаруашылықтары, сондай-ақ бұру шекараларындағы жайластыру, жеке гараждар мен автокөлік кәсіпорындарының алаңдары, су жинағыштан таралатын магистральдық, инженерлік коммуникация трассалары, қалалық тазартқыш құрылысжайлар, жылу-электр орталықтарының магистральдық желілері кіреді. Сыртқы көлік аймағында Екібастұздан оңтүстік-батыс бағытта 14 км жерде орналасқан әуежайды атауға болады.

Қала шекарасының шегінде ауыл шаруашылығына пайдаланылатын аймақ ретінде жайылымдар бар.

Жерді иеліктен шығару мен сатып алуда басымдық берілетін аймақтар, резервтік аумақтар:

резервтік аумақтардың жалпы ауданы 3076,9 га құрайды, оның ішінде: 1305 га қоныстану аумақтарын дамытуға арналған резервтік аймақ; 395,7 га өнеркәсіптік-өндірістік және коммуналдық аумақтардың резервтік аймағы; 1376,2 га рекреациялық және өзге де аймақтарды ұйымдастыруға бөлінген.

Қоныстану аумақтарының резервтік аймағы қаланың негізгі нүктесінен солтүстік-батыс бағытта 5 км жерде орналасқан.

Өнеркәсіптік аумақтарға арналған резерв қаланың батыс бөлігінде орналасқан.

Жалпы жерді иеліктен шығару мен сатып алуда басымдық берілетін аймақтар шамамен 541,6 га құрайды, оның ішінде 144,0 га қазіргі құрылыс шегінде орналасқан. Бұл негізінен Екібастұз жылу-электр орталығынан және сібір жарасы ошақтарынан санитариялық-қорғау аймақтарына түсетін тұрғын үй құрылысының аумақтары. Ащыкөл көлінің айналасындағы жерлерді игеру үшін саяжай алқаптарындағы жер учаскелерін алып қою талап етіледі. Бұл алқап шамамен 397,6 га құрайды. Жерді алу Жер кодексіне және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізілетін болады.

Жер сатып алуды көздейтін коммерциялық мақсаттағы жаңа объектілердің құрылысы Қазақстан Республикасының жер заңнамасына және басқа да қолданыстағы заңнамаға сәйкес жеке инвестициялар есебінен жүргізілетін болады.

8-тарау. Көліктік инфрақұрылым

Қалалық көше-жол желісін және қалалық көлікті дамыту жөніндегі ұсыныстар қолданыстағы Бас жоспарда белгіленген шешімдерге және мынадай тұжырымдамалық ережелерді сақтауға негізделеді:

көлік байланысын жетілдіру және магистральдық көше-жол желісін қалыптастыру, оның ішінде қала аумағының жоспарланып отырған дамуына қарай көше-жол қатынасын байланыстыру үшін магистральдық көшелерді ұзартып, негізінен жаңа шағын аудандарда жол инфрақұрылымын салу;

қозғалысты ұйымдастыруды оңтайландыру және транзиттік көлікті қаланың жобалық айналма жолына ауыстыру есебінен көше-жол желісінің өткізу қабілетін ұлғайту;

көше-жол желісінің өткізу қабілеті мен байланысын арттыруға, көше-жол желісінің проблемалық учаскелеріндегі кептелістерді жоюға және қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға арналған негізгі магистральдық көшелердің, жолдардың қиылысқан және түйіскен тұстарын және өзендермен қиылыстарын жасанды жол құрылыстарының қажетті санымен жарақтандыру;

жалпыға ортақ пайдаланылатын жолаушылар көлігін дамыту басымдығын ескере отырып, көше-жол желісінде қозғалысты ұйымдастыруды жаңғырту;

микромобильді көлік қозғалысы үшін инфрақұрылымды дамыту (веложолақтар, веложолдар);

жаяу жүргіншілердің жүріп-тұруы үшін қолайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау (тротуарлармен қамтамасыз ету, жаяу жүргіншілер көшелерін орнату, жаяу жүргіншілер өткелдерін бір деңгейде орнату, ыңғайлы көлік-ауыстырып отыру тораптарын құру);

мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жүріп-тұруына ыңғайлы болуын ескере отырып, көше-жол желісін дамыту (тактильді плиткалар, пандустар, қиылыстардағы дыбыстық сигнал беру).

Теміржол көлігі.

Қазіргі уақытта "Екібастұз – Павлодар – Астана" тікелей теміржол қатынасы бар. Шығыстан батысқа қарай "Павлодар – Астана" магистральдық теміржолы өтеді. Қоныстану аумағының бойымен тарихи өнеркәсіптік белдеу орналасқандықтан, тиісінше, теміржол желілері қаланы барлық жағынан тіктөртбұрыш жасап қоршап жатыр. Станция жолының дамуы жалпы ұзындығы шамамен 12000 сызықтық метр болатын он төрт қабылдау-жөнелту жолымен ұсынылған. Станцияның негізгі мақсаты – учаскелік және құрама поездарды қалыптастыру, транзитті жөнелту, жылжымалы құрамға қызмет көрсету жөніндегі операцияларды орындау, жүк және жолаушылар операцияларын жүргізу.

Темір жол мен автомобиль жолы қиылысқан жерде көлік пен жаяу жүргіншілер қозғалысының қауіпсіздігі мен іркіліссіз болуы үшін теміржол үстінен өтпежол салу жоспарлануда.

Әуе көлігі.

Әуе көлігінің инфрақұрылымы Екібастұз қаласының азаматтық әуежайымен ұсынылған. Қазіргі уақытта әуежай консервацияда.

Бас жоспарда әуежай ғимаратын реконструкциялау мен кеңейту, сондай-ақ ұшу-қону жолағын реконструкциялау және әуежай аумағын абаттандыру ұсынылады. Бас жоспарда халықаралық және қазақстандық нормалар мен стандарттарға сай келетін , өткізу қабілеті кемінде 200 жолаушы болатын заманауи жолаушылар терминалын салу көзделген.

Көше-жол желісі.

Перспективада Ащыкөл көлінің бойындағы тұрғын үй құрылысы дамытылғанда көше-жол желісі негізінен солтүстік бағытта дамитын болады.

Қаланың солтүстік бөлігіндегі жаңа тұрғын ауданның қазіргі қаланың аумағымен байланысын қамтамасыз ету үшін Бас жоспарда мыналар көзделген:

ұзындығы шамамен 11,0 км автожол салу;

Ащыкөл көлі аймағына автожол салу;

қала аумағымен қолданыстағы автожол байланысын реконструкциялау;

теміржол арқылы өтпежол салу.

Сонымен қатар Бас жоспарда "Астана – Павлодар" автомагистраліне шығатын айналма жол салу көзделіп отыр.

Көшелердің кейбір учаскелерін көгалдандыру, жарықтандыру арқылы реконструкциялау және кеңейту ұсынылады.

Бас жоспарда ұсынылған көше-жол желісін салудың негізгі объектісі – қазір салынып жатқан Д.А. Қонаев атындағы көше мен Омбы көшесін қалаға қатысты солтүстік-батыс бағытта жалғау.

Бас жоспарда көпдеңгейлі екі жол айрығының құрылысы ұсынылады:

бірі жоспарланатын жаңа ауданның батыс жағынан, "Астана – Павлодар" тас жолының және қалаға апаратын қазіргі магистральдық қиылысында;

екіншісі Омбы көшесінде, қазіргі теміржол вокзалының оң жағында.

Жалпықалалық маңызы бар, қозғалысы реттелген магистральдық көше жаңа тұрғын үй алабының басты жолына айналады, ол қазіргі "Энергетиктер" көшесінен бастау алады, шығыс жағынан Ащыкөл көлін айналып өтіп, осы ауданды "Астана – Павлодар" тас жолымен жалғайды. Жаңа магистраль ұзындығы 6,6 километрді, қызыл сызықтағы ені 60 метрді құрайды; көл мен магистраль арасындағы қашықтық орта есеппен 500 метрді құрайды. Осы аралықта Бас жоспарда саябақ аймағын орналастыру ұсынылады. Жаңа ауданды су басудан қорғау үшін бұл учаскедегі магистральді 50 – 100 сантиметр көтеру қажет.

Магистральдық көше-жол желісінің жалпы ұзындығы 86,9 км құрайды.

Бас жоспардың 1-ші кезеңінде магистральдық көше-жол желісінің жоспарланған ұзындығы 107,8 км-ге дейін, есептік мерзімде 136,18 км-ге дейін ұлғаяды.

Жалпы қалалық маңызы бар магистральдық көшелердің жалпы ұзындығы –65,6 км, есептік мерзімде – 74,5 км құрайды.

Аудандық маңызы бар магистральдардың жалпы ұзындығы – 12,3 км, есептік мерзімде – 52,7 км.

Бас жоспарда жаңа аудандардың көліктік қолжетімділігін қамтамасыз ететін көше-жол желісін одан әрі дамыту және Екібастұз қаласын айналып өту құрылысын аяқтау ұсынылады.

Жолаушылар көлігі.

Жолаушылар тасымалы қалалық қоғамдық көлікпен (автобустар), таксимен және жеке жеңіл көлікпен жүзеге асырылады.

Екібастұз қаласындағы қоғамдық көліктің маршруттық желісінің ұзындығы 75,3 км немесе 2,30 км/км2 құрайды. Маршруттық желі тығыздығының төмендігі азқабатты жеке құрылыстың көптігіне әрі өнеркәсіптік өндіріс алаңдарының көлемді болуына байланысты. Жылдық жолаушы легіне шамамен 30 миллион адамды құрайды. Жобалық мерзімге 94 миллион адамға дейін жолаушы легі күтілуде.

Жолаушыларға ыңғайлы болу үшін жолаушы легі көп болатын көлік дәліздерінің қиылысында көліктік-ауысып отыру тораптарын ұйымдастыру ұсынылды.

Қалада автобустар мен жүргізушілердің демалысына арналған соңғы аялдама пункттерін орналастыруда проблема бар.

